

## Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаржыны аудару кезінде берешек сомасына салынатын өсімді арттыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 31 мамыр 1993 ж. N 444. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлемеу фактілеріне жол бермеу және ақша қаражаттарын толығымен жинап, зейнетақыны Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорынан мерзімінде төлеуді қамтамасыз ету үшін қолайлы экономикалық жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына ақша аудару барысында мерзімін өткізіп алған әр күнінен салынатын өсім берешек сомасының 1,5 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен қаржыландырылатын мекемелер сақтандыру жарналарын аударуды кідірткені үшін өсім төлеуден б о с а т ы л а д ы .

Бюджеттік мекемелер осы қаулы шыққаннан кейін төлеген сақтандыру жарналарын аударуды кідірткені үшін алынатын өсім олардың алдағы төлемдерінің есебіне жатқызылады. <\*>

*Ескерту. 1-тармағы жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 09.12.1993 ж. N 1 2 2 9 қ а у л ы с ы м е н .*

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры жарналарының төленіп, есепке алынуы және Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры қаржыларының жұмсалуды тәртібін екі ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізісін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*